# Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы наурыздағы Түрік Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 7 мамыр N 803

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Түрік Республикасы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақ-түрік ынтымақтастығының одан әрі дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы наурыздағы Түрік Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, өзге де атқарушы және жергілікті органдары жоспарда көзделген шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы кемінде жарты жылда бір рет хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 7 мамырдағы
N 803 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы
наурыздағы Түркия Республикасына ресми сапары барысында қол
жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру
жөніндегі шаралар
ЖОСПАРЫ

---

N і Құжаттың, уағдаластықтың іШараныңіОрындалуынаіОрындалуіБақылауға

| р/с | атауы | мазмұны | жауаптылар | мерзімі | жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | Келісімнің күшіне енуі жөнінде қажетті рәсімдерді орындау | Ғылыммині-Ғылым академиясы, Сыртқыісмині Әділетмині | 1997 жылдың мамыры | Сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі |
| 2 | Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | Бұл да | Экобиоресурсмині, Сыртқыісмині, Әділетмині | -"- | Бұл да |
| 3 | Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Түркия Республикасы Ұлттық білім министрлігі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама | Бұл да | Білім және мәдениетмині, Сыртқыісмині, Әділетмині | -"- | Бұл да |
| 4 | 1997-1998 жылдарда Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы | Жоспардың жобасын әзірлеу | Сыртқыісмині (шақыру), Экономсаудамині Энергетика және табиғи-ресурсмині, Қаржымині, Білім және мәдениетмині, | -"- | Сыртқы байланыстар және хаттама бөлімі, Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ауылшармині | | |
| 5 | Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы | Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты тереңдету жөнінде ұсыныстар дайындау, жұмыс тобын құру және түрік жағымен қажетті келісімді дайындау жөніндегі келіссөздер ұйымдастыру | Энергетика және табиғи ресурсмині Экономсауда-мині | 1997 жылдың екінші тоқса-ны | Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі |
| 6 | Алтын кен орындарын бірлесіп игеру саласындағы ынтымақтастық және Стамбул алтын биржасында оны сату туралы | Алтын кен орындарын игеру және Стамбул алтын биржасында оны сату мәселесін зерттеу үшін түрік жағымен тобын | Экономсау-дамині | -"- | Бұл да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құру және ұсыныстар дайындау | | | |
| 7 | Дүниежүзілік мақта рыногында бірлескен жұмыс туралы | Шаруашылық жүргізуші объектілердің қатысуымен түрік жағымен келіссөздер ұйымдастыру және ұсыныстар дайындау | Экономсаудамині, Ауылшармині | -"- | Бұл да |
| 8 | Қазақстанда Түркияның тәжірибесін және түрік инвестицияларын пайдалана отырып, Кіші және орта бизнес орталығын құру туралы | Түрік жағына ұсыныстар дайындау және келіссөз ұйымдастыру, қорытындысы бойынша ұсыныс енгізу | Экономсаудамині, Сыртқыісмині Алматы қаласының әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Эксимбанкі, Кәсіпкерлер конгресі, Инвестмемкомы | -"- | Бұл да |
| 9 | Екіжақты көлік комиссиясының мәжілісін өткізу туралы | Мерзімін белгілеу және бірлескен комиссияның мәжілісін | Көліккомині | Түрік жағымен келісім бойын- | Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өткізу | ша | | |
| 10 | Қазақстан Республикасының Қарулы күштері үшін Түркияда әскери мамандар дайындау ынтымақтастығы туралы | Ұсыныстар дайындау және түрік жағымен келіссөз ұйымдастыру, қорытындысы бойынша ұсыныс енгізу | Қорғаныс-мині | 1997 жылдың екінші тоқсаны | Бұл да |
| 11 | Әскери-техникалық қарым-қатынастар саласындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы | Бұл да | Қорғанысмині (Қорғаныс-өнеркәсібі комитеті) | -"- | Бұл да |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК